

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАКАЛАВРИАТ

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

**5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс»
мамандығы**

Сағат көлемі – 135 (3 кредит)

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі**

Астана 2011

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** «Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы», С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, «Астана Медициналық университеті» АҚ, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Семей қаласының Мемлекеттік медициналық университеті, Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы.
- 2 АЛҒАШ РЕТ енгізілген**
- 3 Үлгілік оқу бағдарламасы** 5В110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша ҚР 2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген
- 4 Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 26 қазандағы №734 бұйрығымен бекітілген.

МАЗМҰНЫ

1. Түсініктеме	4
2. Пән бойынша сағаттың бөлінуі.....	9
3. Пәннің мазмұны және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері	10
4. Оқу және оқыту әдістері.....	36
5. Студенттердің білімін бағалау.....	36
6. Құрал-жабдықтар.....	37
7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	38

Бұл үлгілік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге
және таратуға болмайды.

1 Түсініктеме

Кіріспе

XX ғасырдың тарихи жайіті Бүкілодақтық денсаулық сақтау ұйымының үндеуінде бекітілген денсулықтың әлеуметке тікелей байланыстығын мойындау болып табылды. «Денсаулық – бұл тұжырымды физикалық дене бітімі, психикалық және әлеуметтік жағымды үлесімді өмір сүру, тек ауру немесе физикалық ақаулардың болмауы ғана емес».

Осы тұрғыдан, қоғамдық денсаулық – бұл халықтың физикалық дене бітімі, психикалық және әлеуметтік жағымды үлесімді өмір сүрудің кешенді сипаттамасы, яғни тұрғындардың салауатты өмір сүру қағидалары, дерттің және жарақаттардың алдын алуы, және де қоршаған ортаның қолайсыз факторлардың әсерін шектеу жөніндегі қоғамның ұстанымы.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласы – интегралды теориялық-қолданбалы ғылым, халықтың денсаулығына әлеуметтік және экономикалық факторлардың әсерін зерттейді және тұрғындардың денсаулығын қорғау үшін мемлекеттік, қоғамдық және медициналық іс-шаралар жүйесін дәйектейді.

Барлық деңгейдегі дәрігерлер өздерінің жоғары білікті клиникалық дайындығымен қоса қоғамдық денсаулық сақтау саласының мемлекеттік мақсаттары мен міндеттерін нақты білуге тиіс, себебі олар саланың сырттай және іштей тиімділігін көрсететіндер болып келеді.

Сондықтан, адами құндылығына максималды инвестиция жасау ұстанымы бойынша қазақстанның қоғамын тұрақты дамыту бағытында және нацияның жоғары деңгейдегі денсаулығын арттыру мақсатында бар ресурстарды тиімді пайдалану үшін денсаулық сақтау жүйесін дамыту стратегиясы мен тактикасын бүтіндей және жүйелі түрде ұғыну қажеттілігі туындайды.

Пәннің мақсаты: қоғамдық денсаулықтың және денсаулық сақтау жүйесі дамуының негізгі заңдылықтары туралы базалық кәсіби көз-қарастар қалыптастыру.

Пәннің міндеттері:

- қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау саласын бағалау және басқару әдістемелеріне үйрету;
- қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау саласын талдауда жүйелік ұстанымдар қолдануға үйрету;
- қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешуге дайын болуға үйрету.

Білім берудің түпкілікті нәтижелері (компетенциялары)

Студент тиісті:	компетенциялар
білуге	денсаулық статистикасының теориялық және әдістемелік негіздерін: демографиялық статистика, тіркелген аурулардың статистикасы, мүгедектілік және дене бітімінің дамуы статистикалары;
	Қазақстан халықы денсаулығының, соның ішінде халықтың дертке шалығуы мен өлім-жітім деңгейі мен құрылымын қоса қазіргі таңдағы жағдайын;
	халықтың денсаулығын қорғау және денсаулық сақтау жүйесі қызметі саласы бойынша Қазақстан Республикасының заңнама негіздерін;
	біріншілік медициналық-санитарлық, мамандандырылған, арнайы мамандырылған, жоғары арнайы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру негіздерін;
	халыққа санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру негіздерін;
	халықтың гигиеналық тәрбиесі мен салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру негіздерін, санитарлық-ағарту жұмысының принциптерін, тәсілдерін және қолданатын құралдарын;
	тұрғындардың әлеуметтік сақтандыру негіздерін, әлеуметтік кепілділік түрлерін, уақытша және тұрақты еңбекке жарамдылығының дәрігерлік сараптама принциптерін;
	денсаулық сақтау саласындағы экономика мен экономикалық қарым-қатынастың негіздерін;
	денсаулық сақтау саласындағы менеджмент негіздерін, медициналық кәсіпорын қызметін қамтамасыз етуде менеджердің рөлі;
	денсаулық сақтау саласындағы жекелендіру қызметтері негіздері, осы жүйедегі бизнес пен маркетингті;
	медициналық көмек көрсету сапасын басқару принциптерін: денсаулық сақтау саласындағы сапаны бақылауды, талдауды және бағалауды;
	денсаулық сақтау ұйымдар мен органдарда есепке алу және есеп беру жүйесін;
	халық денсаулық жағдайын тіркеудің нақты істегі ақпараттық жүйелерін.

үйреніп алуға	әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты халықтың денсаулығы көрсеткіштерін есептеуді және бағалауды;
	халық денсаулығына факторлардың негізгі себепті-салдарлық байланысын, бағытын және деңгейін бағалауды көрсетуді;
	халық денсаулық жағдайын зерттеудің медициналық-статистикалық әдістерін қолдануды;
	Халықтың денсаулығын нығайту және қолайсыз факторлар әсерін болдырмау үшін ұсыныстар қарастыруды;
	медицина кәсіпорында ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты жүргізуді, ұйымның және олардың қызметкерлерінің қызметіне сипаттама және есеп беруді;
	халықтың дерті, өлім-жітімі, медициналық қызмет көрсетудің нақты құны мен жалпы құнының экономикалық тиімділігі мен зиянын есептеуді;
	денсаулық сақтау саласының емдеу-сақтандыру және санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдарының қызметін талдау және бағалауды;
	медициналық көмек көрсету сапасын қадағалауды;
	халық арасында санитарлық-ағарту жұмысын жүргізуді, салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруды жарнамалауды;
	халықтың жағдайын және денсаулық сақтау саласы ұйымдары мен органдардың қызметін талдау және бағалауын көрсететін компьютерлік технологияларды игеруді;
	кәсіби міндеттерін шешу үшін оқулықтарды, ғылыми, нормативті және анықтамалық әдебиеттерді қолдануды.
машықт ануға	ауру дерті, маскүнемділік, дене бітімі деңгейінің демографиялық ақпараттар бойынша жеке, топтық, региондар және популяциялық деңгейде халықтың денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жинақтауды және есептеуін;
	медициналық кәсіпорындар жұмысын жоспарлау және қоғамдық денсаулықты қорғауды дәлелдеу үшін халықтың денсаулығын талдау және бағалауын;
	халықтың гигиеналық тәрбиелеуін, санитарлық-ағарту жұмыстарын, салауатты өмір сүру салтын белсенді жарнамалауды жоспарлау және ұйымдастыруын;
	халықтың денсаулығын сақтау, нығайту және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларының құқықтық рәсімделуін;
	амбулаториялық-емханалық, аурухана және басқа да

	медициналық кәсіпорындардың, органдардың және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер ұйымдардың іс-әрекеттерін талдау және бағалауын;
	алдыңғы қатардағы стандарттарды қолдана отырып медициналық көмек көрсету сапасын бағалауды;
	еңбекке жарамдылығына және әлеуметтік ықпал беруге сараптама жүргізуін;
	денсаулық сақтау саласының, сонымен қоса алдын алу шаралары мен бағдарламалардың экономикалық, медициналық және әлеуметтік тиімділігін есептеуді;
	нарық жағдайында экономикалық талдау, маркетинг және менеджмент жүргізуді.

Пререквизиттер мен постреквизиттер

Пререквизиттер: информатика, экология және тұрақты даму, саясаттану, әлеуметтану, құқық негіздері, экономикалық теория негіздері, медицина тарихы, коммуникативті дағдылар, биостатистика, жалпы гигиена.

Постреквизиттер: эпидемиология дезинфекциялық іс негіздерімен, еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, коммуналды гигиена.

2 ПӘН БОЙЫНША САҒАТТЫҢ БӨЛІНУІ

Сағаттың жалпы саны	Аудиториялық сағаттар			СӨЖ
	Дәрістер	Практикалық сабақтар	ОСӨЖ	
№ 1 кредит - 45	5	10	15	15
№ 2 кредит - 45	5	10	15	15
№ 2 кредит - 45	5	10	15	15

3 ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ* ЖӘНЕ САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ**

№1 кредит

Ғылыми және оқу пәні ретінде қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтаудың теориялық негіздері

Пәннің түсініктемесі, білім мен практика жүйесіндегі олардың рөлі, қалыптасу тарихы, негізгі тараулары мен тәсілдері.

Қоғамдық денсаулық: анықтамасы, пәні, зерттеу нысанасы. Денсаулықты әлемеутік құндылық және елдің демографиялық, экономикалық, еңбектік, әлеуметтік, мәдени, қорғаныс потенциалы ретінде қарастыру. Денсаулық тұрғынның өмірлік құндылығы және жеке тұлғасы. Денсаулық және бәсекелестік қабілеті.

Қоғамдық денсаулыққа әлеуметтік-биологиялық ұстанымдар қарастыру: халықтың денсаулығы – биологиялық негізі бар әлеуметтік жәйт. Денсаулықтың әлеуметтік, экологиялық және биологиялық детерминациясы. Денсаулықтың әлеуметтік факторлары: әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, медициналық-әлеуметтік.

Денсаулыққа байланысты өмір сүру сапасы. Өмір сүру сапасын зерттеу міндеттері мен әдістемелері. Медициналық-әлеуметтік нормативтер мен қажеттіліктері. Көрсеткіштер жүйесі. Денсаулықтың және өмір сүру сапасының медициналық-әлеуметтік зерттеулері.

Денсаулық деңгейлері: адам денсаулығы жеке тұлға ретінде (жеке тұлға денсаулығы), топтық денсаулық (әлеуметтік, кәсіби, демографиялық топтар), халықтың денсаулығы, қоғамдық денсаулық. Жеке денсаулық. Норма және патология туралы түсініктер. Денсаулық топтары: дені саулары мықты адамдар, айтарлықтай дені сау, созылмалы аурулары бар науқастар. Халықтың әлеуметтік топтарының денсаулығы: жанұяның, әйелдің, балалар мен жасөспірімдер, егде жастағы адамдар.

Медицина мен қоғамдық денсаулықтың жалпы теориялық концепциялары

Медицина мен денсаулық сақтау саласындағы қолданылып келе жатқан және жаңа теориялар мен концепциялардың негізгі түсініктемелері. Пайда болу және таралу тарихы. Медицина мен денсаулық сақтау саласы теорияларының жіктелуі (Ю.П. Лисицин бойынша). Денсаулыққа тәуелді теориялар: қауіп факторлары, өмір сүру факторлары, «жетімділік пен аурудың салдары», «цивилизация аурулары» және әлеуметтік дезадаптация. Натуралистік медициналық-биологиялық теориялар: социобиология, этологизм, әлеуметтік экология, стресс және Сельенің жалпы адаптациялық синдром теориясы, фрейдизм, неофрейдизм, психоаналитикалық психосоматика, неогиппократизм, биотипология. Медицина мен функциялық патология теориялары: целлюлярлы патология, нервизм, кортико-васкулярлы патология. Тұрғылықты халықтың және денсаулық сақтау саласының натуралистік теориялары: мальтузианділік, неомальтузианділік, «халықтың оптимумы», расизм. Жасанды, универсалды теориялар: денсаулық сақтау саласындағы конвергенция теориясы.

Қоғамдық денсаулықпен тікелей байланысты заманауи медицинаның этикалық мәселелері: генді инженерия, ағзаларды клондау, криогенизациялау, трансплантациясы және имплантациясы, экзотанизация, селекция, адамға сынама жүргізу, жасару, жыныстық бағытты өзгерту және т.б.

Қоғамдық денсаулықты зерттеудің әдістемелері

Медициналық-әлеуметтік зерттеулер, кезеңдері. Бағдарламасы (мақсаты мен міндеттері) және жоспары (қадағалау бірлігі мен нысанасы, жаппай қамтылуы, ақпараттар жинау және қадағалау бірлігін іріктеу әдістері). Статистикалық зерттеулер нысанасы ретінде жасқа және жынысына байланысты және әлеуметтік топтарды (әйелдер, балалар мен жасөспірімдер, егде жастағы адамдар) қарастыру.

Халықтың денсаулығын зерттеу әдістері: статистикалық, әлеуметтік, медицина құжаттарын талдау және т.б. Халықтың жасына және жынысына және

әлеуметтік топтар денсаулығының кешенді зерттеулері (әйелдер, балалар мен жасөспірімдер, егде жастағы адамдар). Халық денсаулығының сандық және сапалық бағасы. Халық денсаулығының әртүрлі көрсеткіштеріне әлеуметтік және экономикалық факторлар әсерін бағалау. Халық денсаулығының мониторингі. Халық денсаулығының индикаторлары.

Демографияның медициналық-әлеуметтік аспектілері

Демография пәні мен мазмұны. Демографиялық статистика нысанасы ретінде халықты қарастыру. Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау саласы практикасында демографиялық мәліметтердің маңызы.

Халықтың статикасы: халық саны, орналасу тығыздылығы, белгілер бойынша құрамы (жынысы, жасы және т.б.). халық статикасын зерттеу әдістемесі. Халық санағы, ұйымдастыру және іске асыру әдістемелері. Халықтың жасқа байланысты құрылымы түрлері: прогрессивті, стационарлы, регрессивті. Қазақстан халықының саны мен құрамы.

Халықтың динамикасы: халықтың механикалық және шынайы көшіп қонуы. Көшіп қонуы, түрлері: эмиграция, иммиграция, урбанизация, еріксіз көшпенділер, ауыскандар. Көші-қондың негізгі себептері мен салдары. Халықтың механикалық көшіп-қонуын зерттеу әдістемелері.

Бала тууы, анықтамасы, есептеу әдістемесі. Бала тууына әсер ететін факторлар (жалпы және жеке). Әлеуметтік-экономикалық және басқа да факторлардың әсеріне байланысты бала туу тенденциясы. Бала туудың арнайы көрсеткіштері: фертильділігі (туу қабілеті) және инфертильділігі, некелілік және некеліксіз бала босану және т.б.. Халықтың өлім-жітімі: жалпы және егде жасқа байланысты, деңгейі, құрылымы және тенденциясы. Халықтың табиғи өсуі, түрлері. Депопуляция түсініктемесі (демографиялық қарама-қайшылық). Бала туу және өлім-жітімді есепке алу және тіркеу жүйесі. Бала туу және өлім-жітім фактісін дәйектейтін тіркеу құжаттары. Бала туу және өлім-жітімді есепке алу және тіркеуде медициналық қызметкердің рөлі. Халықтың табиғи көші-қондылығын

талдау. Әлемде, қазақстанда, аймақтар бойынша халықтың табиғи көші-қондылығының ерекшеліктері.

Жас баланың өлім-жітімі. Түсініктемелері: тірі туылуы, өлі туылуы, ұрық. Жас баланың өлім-жітімін есептеу және талдау әдістемелері. Қазақстан Республикасында жас бала өлімінің негізгі себептері: перинаталды кезеңдегі жағдайлар, дамудың туа біткен ақаулары, тыныс алу ағзалары аурулары.

Өмір сүрудің орташа ұзақтылығы, анықтамасы, олардың себептері мен есептеу әдістемесі. Өлім-жітім кестесі туралы түсініктер (өмір сүруі). Қазақстанда және басқа елдерде келешекте өмір сүру орташа ұзақтылығының көрсеткіштері. Халықтың қартаюы, салдары. Қазақстанда және басқа елдерде егде жастағы адамдардың саны. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік-экономикалық, медициналық және психологиялық аспектілері. Салауатты ұзақ өмір сүруі.

Қазақстанда және басқа елдердегі демографиялық саясат.

Репродуктивті денсаулық

Репродуктивті денсаулық, анықтамасы. Тұрғындардың репродуктивті құқығы және оларды іске асыру кепілділігі. 2006-2016 жылдарына Қазақстан Республикасындағы гендерлік тепе-теңділік стратегиясы.

Жанұяны жоспарлау. Босануды реттеу түсініктемесі, әдістері. Түсік тастау медициналық-әлеуметтік мәселе ретінде қарастыру. Түсік тастаудың таралуы. Түсік тастау жиілігіне әлеуметтік факторлардың әсері. Әйел денсаулығына түсік тастаудың әсері. Түсік тастаумен күресудің негізгі шаралары. Түсік тастаумен күресуде, босану жастағы әйелдер денсаулығына түсік тастаудың теріс салдарын алдын алуына контрацепция қолданудың маңызы.

Репродуктивті жастағы әйелдер денсаулығының интеграция көрсеткіші ретінде ана өлімін қарастыру. Акушерия себептеріне тікелей және жанама байланысты ана өлімі. Қазақстанда барлық ана өлімінің басты себептері: экстрагениталды аурулар, акушерлік қан кетулер, гестоздар, түсік тастау. Әйел денсаулығы индексі.

Репродуктивті денсаулықты қорғау: «Қауіпсіз аналық», «Ерлердің репродуктивті денсаулығын қорғау», «Дені сау отбасы», «Әйелдердегі онкопатологияның алдын алу», «Қауіпсіз түсік тастау» және т.б. бағдарламалар.

Халықтың дерті және оны зерттеу әдістері

Халықтың денсаулығын кешенді бағалау үшін дерттер статистикасының маңызы. Жалпы және біріншілік дерт туралы түсініктер. Аурулардың және денсаулықпен байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктелуі (АХЖ, БДСҰ 10-і қаралымы), құрастыру принциптері. Халық дертінің көздері мен зерттеу әдістері. Дәрігерге көріну, өлім-жітім себептері, медициналық тексеру бойынша дерттерді зерттеу. Ауруды есепке алу (тіркеу). Дерттің жеке және жалпылама есебі.

Өзектілігі маңызды аурулардың медициналық-әлеуметтік аспектілері. Әлеуметті маңызды аурулар мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулар туралы түсініктер. Кейбір аурулар түрлерін арнайы есепке алынуы (жұқпалы аурулар, маңызды эпидемиялық емес аурулар дерті, ауруханада емделетін дерттер, уақытша еңбекке қабілетінен айырылған дерттер). Уақытша еңбекке қабілетінен айырған дерттердің негізгі көрсеткіштері мен экономикалық маңыздылығы. Уақытша еңбекке қабілетінен айырған дерттерді арнайы есепке алу және талдау. Кәсіби аурулар мен улануларды тіркеу, бақылау жүргізу ережелері. Осы дерттер бойынша есепке алу және есеп беру рәсімі.

Тіркелген дертті іріктеп және жаппай зерттеу әдістері. Дерттің себептерін және құрылымын зерттеуде дәрігерлердің міндеттері. Қазақстан халқының дерттері туралы негізгі мәліметтер. Туберкулез, диабет, онкологиялық ауруларды бақылаудың автоматтандырылған регистрлері.

Мүгедектілік

Біріншілік мүгедектілік, мүгедектіліктің таралуы, контингенті туралы түсініктер. Негізгі ауруларда халықтың мүгедектілікке шалдығудың қазіргі таңдағы жайіті мен тенденциясы, оларды айқындататын факторлар. Денсаулық сақтау ұйымы қызметін талдау және бағалауда

мүгедектілікті зерттеу маңыздылығы. Ақпарат көздері. Мүгедектілік көрсеткіштері.

Дене бітімі дамуы

Дене бітімі дамуының негізгі белгілері мен параметрлері (антропометриялық, физиометриялық, соматоскопиялық). Антропометриялық мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістемелері. Дене бітімі дамуының стандарттары мен бағалау кестелері. Дене бітімі дамуының жеке және топтық бағасын беру. Сигмалық баға. Акселерация мен децелерацияның медициналық-әлеуметтік аспектілері. Жеке топтағы халықтың дене бітімі дамуын қадағалау жүйесі: сәбилердің, мектепке дейінгі балалар, мектепке баратын балалар, оқушылар, студенттер, әскери қызметті өтегенге дейінгі, әскери қызметте, жеке мамандықтағы жұмысшылар.

Аурулардың алдын алуы және салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру (СӨС)

Денсаулықтың валеологиялық аспектілері. Өмір сүру салты, түсініктемесі. Денсаулыққа өмір сүру салтының әсері. Медициналық белсенділік. СӨС және оны қалыптастыру. Өмір сүру салты көрсеткіштері және оны бағалау принциптері. Қауіп факторлары, олардың халық денсаулығына әсер етуі. Қауіп факторларының жіктелуі. Өмір сүру салтына байланысты қауіп факторлары. Экономикасы дамыған елдердегі аурулардың профилактика стратегиясы: популяциялық стратегия және жоғары қауіптілік стратегиясы. Әлеуметтік және медициналық профилактика. Біріншілік және екіншілік профилактика. Профилактика бағдарламалары: кешенді және бағытты, көпфакторлы және бірфакторлы, ұлттық, аумақтық және салалық, интегралды. Халықтың салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алуда медицина қызметкерлердің рөлі. Халықтың гигиеналық білім беруі мен тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері. Санитарлық ағарту тәсілдері мен құралдары. «Салауатты өмір сүру» мемлекеттік бағдарламасы. Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру жөнінде денсаулық сақтау ұйымдардың іс-шаралары.

Қоғамдық денсаулықты жақсартудың негізгі бағыттары

Біріншілік медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі Халықаралық конференция (Алматы, 1978). Алматы декларациясы – XX ғасырдағы денсаулық сақтаудың ұлы хартиясы. БДСҰ стратегиясы «XXI ғасырда барлығына денсаулық (Денсаулық–21), мақсаты, стратегиясы, міндеттері. Мыңжылдық Саммитте қабылданған мыңжылдылық даму мақсаты (Нью-Йорк, 2000), Қазақстан үшін мақсаттары, мониторинг индикаторлары. «Қазақстан-2030» стратегиясы. Барлық қазақстандықтар үшін жанару, қауіпсізділігі, өмір сүруі жақсаруы». Ұзақ мерзімді өзекті мәселелерді шешу: «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы, саламатты өмір сүруі». Шешілетін мәселелері: бала туу жиілігі жоғарлауы, өлім-жітімнің төмендеуі, өмір сүру уақыты ұзаруына байланысты демографиялық саясат; салауатты өмір сүру және т.б. Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауындағы денсаулық және денсаулық сақтау саласының тақырыптары.

**№1 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының
үлгісі**

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау ғылым және оқыту пән ретінде қарастыруы.
2	Демографияның медициналық-әлеуметтік аспектілері.
3	Халықтың ауру саны және оларды зерттеу әдістері.
4	Қазіргі таңда мәселесі зор аурулардың медициналық-әлеуметтік аспектілері.
5	Аурудың алдын алу және салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру.
Жалпы сағаты: 5	

**Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының
үлгісі**

№	Тақырыптары
1	Қоғамдық денсаулықты зерттеу әдістемесі.
2	Демографияның медициналық-әлеуметтік аспектілері.
3	Репродуктивті денсаулық.
4	Халықтың ауру саны.
5	Мүгедектілік. Дене бітімі дамуы.
6	Халық денсаулығының кешенді бағасы.
7	Жасқа-жынысына байланысты топтардың денсаулығы: балалар мен жасөспірімдер, егде жастағы адамдар.
8	Медициналық-статистикалық құжаттар.
9	Аурудың алдын алу және салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру.
10	Қоғамдық денсаулық жағдайын жақсартудың негізгі бағыттары.
Жалпы сағаты: 10	

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысының (ОСӨЖ) тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1	Медицина мен денсаулық сақтау саласының жалпы теориялық концепциялары.
2	Халықтың табиғи қозғалысын талдау.
3	Репродуктивті денсаулық және мінез-құлық.
4	Дене бітімі дамуы. Мүгедектілік.
5	Дерттің жекеленген және жалпылама тіркестігі.
6	Денсаулықтың валеологиялық аспектілері.
7	Алматы декларациясы – XX ғасырдағы денсаулық сақтаудың ұлы хартиясы.
	Аралық бақылау
Жалпы сағаты: 15	

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Денсаулықпен байланысты өмір сүрудің сапасы.
2.	Жанұя денсаулығы. Балалар денсаулығы.
3.	Қоғамдық денсаулыққа байланысты медицинаның этикалық мәселелері.
4.	Халықтың статикасы мен қоныстануы.
5.	Қазақстанда және басқа елдердегі демографиялық саясат.
6.	Дертті іріктеп алмалы және толығымен зерттеу әдістері.
7.	Халыққа Қазақстан республикасы Президентінің жыл сайынғы үндеуіндегі денсаулық тақырыптары.
8.	Қазақстанда мындаған жылдарға даму мақсаттары.
Жалпы сағаты: 15	

№2 кредит

Қоғамдық денсаулық сақтау саласының құқықтық және ұйымдастыру негіздері

Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясаттың принциптері. Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік реттеу негіздері. Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік органдардың компетенциялары. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауы.

Денсаулық сақтау саласында құқықтарды қамтамасыз ету кепілдігі. Денсаулық сақтау саласында азаматтар, балалардың құқықтары. Денсаулық сақтау саласында азаматтардың, жеке кәсіпкерлер мен жеке юриспруденция адамдардың міндеттері.

Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы. Денсаулық сақтау ұйымы субъектілері. Медициналық көмек көрсету ұйымдары. Ақысыз медициналық көмек көрсетудің кепілділік көлемі. Медициналық іс-шаралар түрлері. Медициналық көмек көрсету түрлері. Медициналық қызмет көрсету формалары. Денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасы.

Біріншілік медициналық-санитарлық көмек көрсету (БМСК)

БМСК жөніндегі халықаралық конференция, Алматы қаласы, 1978 жылдың 6-12 қыркүйегі. Алматы декларациясы – XX ғасырдағы денсаулық сақтаудың ұлы хартиясы. БМСК – «2000 жылға барлығына денсаулық» атты глобалды мақсатты орындаудың жетекші құралы. БМСК принциптері, негізгі бағыттары, даму және жетілдіру перспективалары.

Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету

Халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуді ұйымдастыру принциптері (участкелік-аумақты, жаппайлығы, барлығының қолы жеткілікті, профилактикалық бағыты, дәрігер мен ұйымның ерікті талдауы).

Халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар: біріншілік медициналық-санитарлық және консультативті-диагностикалық; олардың негізгі қызметтері.

Қалалық емхана, міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысын ұйымдастыру, бөлімдердің және емхананың толығымен қызметін бағалау.

Отбасылық денсаулық Орталығы, міндеттері, құрылымы, қызметі және жұмысын ұйымдастыру.

Жалпы дәрігерлік практика: міндеттері, қызметі, жұмысын ұйымдастыру, іс-шараларын бағалау.

Халықтың диспансеризациясы, мақсаты, міндеттері, контингенттері. Заманауи жағдайда диспансеризацияны өткізу. Диспансерлік бақылауды ұйымдастыру, барлық мамандықтар дәрігерлерінің қатысуы. Диспансеризация бойынша іс-шаралар көрсеткіштері.

Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттамалары.

Консультативті-диагностикалық орталық (емхана), міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысты ұйымдастыру, іс-шараларды бағалау.

Ауруханалық көмек көрсету

Қалалық аурухана, міндеттері, құрылымы, қызметтері. Қабылдау бөлімі: құрылымы, жұмысты ұйымдастыру. Науқастарды қабылдау және шығару ережелері. Стационардың негізгі бөлімдері, қызметтері және дәрігерлердің, медициналық мейірбикелердің, кіші медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру. Аурухананың санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіп ережелерін сақтау. Аурухана ішілік инфекциялармен күресу шаралары. Есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттары және қызметін бағалау. Ауруханалық көмек көрсетудің нормативті қажеттілігі.

Стационарды ауыстыратын көмек көрсету

Стационарды ауыстыратын көмек көрсетуді ұйымдастыру: күндізгі стационар, үйдегі стационар, амбулаториялық хирургия орталығы. Міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысты ұйымдастыру, іс-шараларын бағалау.

Жедел медициналық көмек көрсету (ЖМК)

ЖМК негізгі принциптері және ұйымдастыру түрлері, жүргізу тәртібі. ЖМК ұйымдастыру, мақсаты, міндеттері, құрылымы, қызметі. Басқа медициналық ұйымдармен ЖМК ұйымдар жұмыстар арасындағы сабақтастығы. ЖМК сапасын және тиімділігін бағалау.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің ерекшеліктері

Ауыл емханасы, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Дәрігерлік амбулатория, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Фельдшерлік-акушерлік пункт, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Медициналық пункт, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Ауыл ауруханасы, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Аудан емханасы, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Орталық аудан ауруханасы, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау. Ауданаралық аурухана.

Областтық аурухана, міндеті, құрылымы, қызметтері мен жұмысын ұйымдастыру, іс-әрекетін бағалау.

Жылдам жылжымалы (транспортты) медицина

Көшпелі медициналық кешен (КМК), мақсаты, міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысты ұйымдастыру, жабдыкталуы. КМК штаттары, лауазымдардың міндеттері.

Медициналық ұйымдардың санитарлық авиация бөлімдері (республикалық, областтық, қалалық көпсалалы клиника, жедел медициналық көмек көрсету станциясы), міндеттері, штаттары, қызметін ұйымдастыру. Санитарлық авиацияның Республикалық координациялық орталығы.

Медициналық мамандандырылған емдеу-диагностикалық поездар, міндеттері, құрылымы, қызметі, жабдыкталуы.

Арнайы және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін кәсіпорыны

Халыққа арнайы және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың жалпы принциптері.

Жүрек-қантамырлар аурулары бар науқастарға емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру. Қатерлі ісіктері бар науқастарға емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру. Психиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Наркологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Инфекциялық қызметті ұйымдастыру. Жыныстық жолмен жұғатын инфекциялары бар науқастарға емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру. АИВ-инфекция алдын алу және емдеу қызметін ұйымдастыру. Туберкулез дерті бар науқастарға емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру. Травматологиялық-ортопедиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Егде жастағы және кәрія азаматтарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру.

Емделушілер құқықтарының мемлекеттік кепілділігі. Емделушілердің міндеттері мен жауапкершілігі.

Өнеркәсіп жұмысшыларына медициналық-санитарлық көмек көрсету

Медициналық-санитарлық бөлімі, здравпунктілері, олардың құрылымы мен міндеттері. Цехтік дәрігерлік участкесі. Участкелік цех дәрігерінің негізгі қызметтері. Кәсіпорындардағы санитарлы-гигиеналық және эпидемияға қарсы жұмысы. Өндірістік травматизм және кәсіби аурулардың алдын алуы, кәсіпорындарда техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау органдарымен байланысы. Медициналық-санитарлық бөлімнің әкімшілік пен кәсіпорынның қоғамдық ұйымдарымен байланысы. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. Кәсіпорынның әлеуметтік дамуы – өнеркәсіп жұмысшылары денсаулығын нығайту негіздері.

Акушериялық-гинекологиялық көмек көрсету

Перзентхана (бөлімі), мақсаты, міндеттері, құрылымы, қызметі.

Әйелдер консультациясы, құрылымы, штаттары, жұмыс түрлері мен әдістері. Әйелдер консультациясы жұмысының участкелік-территориалды принципі мен жұмысының диспансерлік әдісі. Қызмет көрсетудің негізгі контингенттері. Қызмет көрсету аймақта әйелдер қауымына профилактикалық жұмыс жүргізу: профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу, әйелдер денсаулығын зерттеу және оны сауықтыруға ұсыныстар өндеу. Жүкті әйелдерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Келешек бала денсаулығының антенаталды қорғау міндеттері. Жүкті әйелдерді уақытылы қадағалау, жүктіліктің барлық кезеңінде тұрақты қадағалау, жан жақты тексеру жүргізу. Босанғанға дейінгі кезеңде жүкті әйелдерді кешенді дайындығы. Гинекологиялық аурулары бар әйелдерге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Гинекологиялық аурулары бар науқастардың диспансерлік қадағалауы.

Перзентхана стационары, оның құрылымдық ерекшеліктері. Бөлмелеріне қойылатын талаптар. Жүкті әйелдерді және гинекологиялық науқастарды қабылдауын ұйымдастыру. Жұқпамен күресу. Ана өлімі мен сәбилер өлімін болдырмау шаралары. Акушерия-гинекологиялық көмек көрсетуді жетілдіру.

Әйелдер консультациялары мен перзентхана стационарының есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттары мен бағалауы. Әйелдер консультациялары, перзентхана стационары мен балалар емханасы қызметінің бір ізділігін қамтамасыз ету.

Перинаталды орталық, мақсаты, міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысын ұйымдастыру, іс-шараларын бағалау.

Репродукция және отбасын жоспарлау орталығы, мақсаты, міндеттері, құрылымы, қызметі, жұмысын ұйымдастыру.

Балаларға емдеу-сақтандыру көмек көрсету

Балалар емханасы, құрылымы, штаттары. Балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруда участкелік

принципі мен диспансерлік әдісі. Участкелік педиатр қызметін ұйымдастыру және мазмұны. Балалардың дамуы мен денсаулығын қадағалайтын патронажы және профилактикалық бақылауы. Балалар емханасының эпидемияға қарсы жұмысы, прививка егу кабинеті жұмысын ұйымдастыру, ҚР егу күнтізбесі. Дені сау және науқас балаларды қабылдауын ұйымдастыру, фильтр жұмысы. Мамандандырылған көмек көрсетуді қамтамасыз ету, арнайы мамандандырылған және қосымша емдеу-диагностикалық зерттеулер маманының жұмысы. Балалар емханасының мектепке дейінгі және мектеп жасындағы бөлімдері, олардың құрылымы мен міндеттері. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне, мектепке қабылдануына педиатриялық бөлімде балаларды дайындау ережелері. Балалар емханасының есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттары мен бағалауы.

Балалар ауруханасы, құрылым ерекшеліктері, штаттары. Қабылдау бөлімін ұйымдастыру ерекшеліктері. Санитарлы-эпидемияға қарсы және емдеу-сақтандыру тәртібі. Науқас балалар күтімін және тәрбие жұмысын қамтамасыз ету. Науқас балалар күтіміне анасын қатыстыру түрлері. Балалар ауруханасының есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттары мен бағалауы.

Ауылды мекенде ана мен баланы қорғауды ұйымдастыру ерекшеліктері.

Мектепке дейінгі балалар мекемелері мен мектептер, типтері, штаттары, балалар емханасымен өзара байланысы. Алдын алу шараларын ұйымдастыру және емдеу-сауықтыру шаралары. Балалар үйі, міндеттері, жұмысын ұйымдастыру, медицина қызметкерлері қызметінің түрлері мен сипаттамасы. Мектептегі дәрігер міндеттері, оның жұмысын ұйымдастыру. Оқушылардың медициналық тексеруін және диспансеризациясын жүргізу. Мектеп дәрігерінің есепке алу-оперативті және есеп беру құжаттарын рәсімдеу, жұмыс көрсеткіштері.

Қалпына келтіретін ем және медициналық реабилитация

Реабилитациялық орталық, мамандандырылған саябақтар, профилакторий. Міндеттері, құрылымы, қызметі және жұмысын ұйымдастыру.

Паллиативті көмек көрсету және мейірбикелік күтімі

Паллиативті көмек көрсету және мейірбикелік күтімді ұйымдастыру (хоспис, мейірбике күтімі ауруханасы), міндеттері, құрылымы, қызметтері және жұмысын ұйымдастыру. Үкіметсіз ұйымдар мен қоғамның қатысуы.

Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет көрсету

Санитарлы-эпидемиологиялық саулығы. Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің істерінің қазіргі таңдағы бағыттары. Халықтың санитарлы-эпидемиологиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. ҚР санитарлы-эпидемиологиялық қызмет құрылымы. Республикалық санитарлы-эпидемиологиялық станциясы. МСЭҚ департаменттері мен басқармалары. МСЭҚ департаментінің аудан бөлімшелері. Санитарлы-эпидемиологиялық сараптама орталығы. Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық нормалау. Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет көрсету басқарушыларының қызметі. Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет көрсетудің лауазымды тұлғалардың құқығы мен міндеттері. Қазақстан Республикасы шекарасын және территориясын санитарлық қорғау. Әуе транспортындағы санитарлы-эпидемиологиялық қызметі. Темір жол транспортындағы санитарлы-эпидемиологиялық қызметі. Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет жұмысын жоспарлау. ҚР санитарлы-эпидемиологиялық жағдайы мониторингі жүйесі. Санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің кадрлер құрамы. Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет көрсету ұйымдарының іс-шараларын талдау.

№2 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгісі

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	тақырыптары
1	Қоғамдық денсаулық саласының құқықтық негіздері.
2	Қала тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру.
3	Ауыл тұрғындарына емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру.
4	Ана мен баланы қорғау.
5	Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру.
Жалпы сағаты: 5	

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1	Қоғамдық денсаулық саласының құқықтық негіздері.
2	Принципы, виды и формы медицинской помощи населению.
3	Қала тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру.
4	Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру.
5	Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру.
6	Балаларға емдеу-сақтандыру көмек көрсетуді ұйымдастыру.
7	Кейбір мамандырылған көмек көрсету түрлерін ұйымдастыру.
8	Денсаулық сақтау кәсіпорындар қызметін талдау.
9	Дәрігерлік-еңбектік сараптаманы ұйымдастыру.
10	Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру.
Жалпы сағаты: 10	

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысының (ОСӨЖ) тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Ақысыз медициналық көмек көрсетудің кепілдемелі көлемі.
2.	Денсаулық сақтау кәсіпорындар желісінің нормативі.
3.	Жедел мобилді медицина.
4	Қалпына келтіру емі және медициналық реабилитация.
5.	АИВ/ЖИТС, наркоманияға қарсы түру.
6.	Санитарлық-эпидемиологиялық благополучие.
7.	Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық бақылау.
	Аралық бақылау
Жалпы сағаты: 15	

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Алматы декларациясы.
2.	Халықтың диспансеризациясы.
3.	Өнеркәсіп жұмысшыларына көрсететін медициналық-санитарлық көмек.
4.	Денсаулық сақтау кәсіпорындарын бағалау индикаторлары.
